

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2014 жылғы 28 қараша

On-line тәртіпте

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы **2014 жылғы 28 қарашада on-line тәртіпте қосымша білім беру жүйесінің қызметкерлерімен Республикалық конференция** өткізеді.

Мақсаты: Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беруді дамыту перспективаларын талқылау.

Конференция 2014 жылғы 28 қарашада Білім және ғылым министрлігінің конференц-залында (907-каб.) *өткізіледі*.

Конференция жұмысында үш мыңнан астам білім беру жүйесінің өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар мен ата-аналар қауымдастықтары қатысады.

Қазақстанның білім беру саясаты білім беру саласындағы жалпы ұлттық мүдделерді анықтап, әлем дамуының жалпы тенденцияларын есепке ала отырып, балаларға қосымша білім беру жүйесінде елеулі өзгерістердің қажеттілігін шарттайды.

Балаларға қосымша білім беру жүйесі білім алушылардың әр түрлі қабілеттерін дамытудың бірегей әлеуеті болып табылады.

Қазіргі уақытта республикада - **833** қосымша білім беру **ұйымдары** бар, оның ішінде **106-ы** - *жеке меншік*. Балалардың қамтылуы жалпы оқушылар санының (2013 – 23,1%) **23,9%-ын құрайды**. Өткен оқу жылымен салыстырғанда ұйымдардың саны 153 бірлікке **өскен**.

Оқушылар **Батыс-Қазақстан облысында – 84,9%, Шығыс Қазақстан облысында – 59,1%, Қостанай облысында – 59%, Павлодар облысында – 58%, Солтүстік Қазақстан облысында – 52,5%, Ақтөбе облысында – 48%, Қарағанды облысында – 45,2%** қосымша біліммен ең көп қамтылған.

Балаларға қосымша білім беру бағдарламалары **59 мың үйірмелердің** қызметтері арқылы жүзеге асырылады. Ондағы балалардың қамтылуы **оқушылардың 36,6%-ын (2013 - 35,1%) құрайды**.

Білім алушылардың сабақтан тыс бос уақытын ұйымдастырумен 26 мыңға жуық мамандар шұғылданады.

Ұсыныс жобасында көрсетілген балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың маңызды аспектілерін талқылау бала құқығын қамтамасыз етуге бағытталған алдағы басымдықтарды, дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыру, әр түрлі қызығушылықтарды қанағаттандыру, сабақтан тыс қызметте олардың уәждемелік басымдықтарын дамытуға көмектеседі.

Қосымша ақпаратты Астана қ., Сығанақ 29, 8 қабат, 806 кабинет, +7 (7172) 51-69-23 тел., +7 (7172) 51-69-23 факс, e-mail: rumsdo@gmail.com мекен-жайына хабарласыңыздар.